

3 Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. Наурыз, 1923 жыл (Дайындаған: Байғалиев Б) // Жұлдыз № 2, Б. 123-128, 1992.

4 Жанпейісова С. Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы (Қазақ ақын- жазушыларының шығармалары бойынша) //Канд. дисс. автореф. Алматы, 1996 ж.

*References:*

1 Baitürsynuly A. *Bes tomдық шығармалар жинағы*. -Almaty: Alaş mürasy. Т.3.-2005.-352 б.

2 Seülhan A.Q. *Qazaq tilindegi etnografizmderdіñ lingvomädeniettanymdyq мәni*. Kand. diss. avtoref. Almaty, 2001j.

3 Şonanұly T. *Ahmet Baitürsynұly halyq aғartu және әdebiet calasynda*. Nauryz, 1923 jyl (Daiyndaghan: Baiğaliev B) // Jūldyz № 2, B. 123-128, 1992.

4 Janpeisova S. E. *Qazaq tilinіñ ruhani мәdeniet leksikasy* (Qazaq aqyn- jazuşylarynyñ шығармалары бойынша) //Kand. diss. avtoref. Almaty, 1996 j.

**МРНТИ 801.679.9**

*Есенова Қ. Ө.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

## **АКАДЕМИК ШОРА САРЫБАЕВТЫҢ БАСПАСӨЗ ТІЛІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада академик Шора Сарыбаевтың баспасөз тіліне қатысты ғылыми тұжырымдары талданады. Баспасөз тіліндегі сәтсіз аудармалардың, вариант сөздердің, бейәдеби тілдердің қолданысы әдеби норманы бұзатыны туралы пікірлері көрсетіледі. Ғалым Ш.Сарыбаев 1920-30 жылдардағы жаңа сөздердің әдеби тілге ену, енбеу динамикасы туралы тұжырымдары талданады. 1999 жылы жазылған «Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар» атты мақаласындағы тәуелсіздік кезеңдегі газет, журналдар тіліндегі бірқатар ерекшеліктер талқыланады. Кеңестік дәуірдегі бір ғана идеологияны қолдайтын қоғамның газет, журналдарының тілі мейлінше әдеби тілде жазылуы, стильдік және орфографиялық қатесіз жазылуы қатаң сақталды. Бірақ ғалым Шора Сарыбаев көрсеткендей баспасөз тілінде орыс тілі арқылы енген жаңа шетілдік сөздерді аударуда, дұрыс балама табуға қиындықтар туындаған. Ғалым мерзімді баспасөз арқылы жаңа қолданыстар тез таралатынын ескере келіп, газет, журналдарда терминком бекітпегенше балама атаулар негізгі сөзбен қатар қолданылғанын дұрыс санайды. Себебі, кейбір аудармалар сәтсіз болуы мүмкін деп есептеді.

**Түйін сөздер:** БАҚ, баспасөз тілі, ғалым тұлғасы, әдеби тіл, норма

*Essenova K. <sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

## **RESEARCH OF ACADEMICIAN SHORA SARYBAYEVA ON PRESS LANGUAGE**

### *Abstract*

The article analyzes the scientific achievements of academician Shora Sarybaev about the language of the press. It deals with opinions on violations of literary norms in the use of incorrect translations, and the use of many variant words and non-literary slang in the Kazakh media are presented. Scientist Sh. Sarybaev analyzes the conclusions about the dynamics of the penetration of new words into the literary language in 1920-30. A number of features of the language of newspapers and magazines of the period of independence are discussed in the article of the scientist Sh. Sarybaev "New applications of the language of the media", written in 1999. The language of the press of the society that supported the only ideology of the Soviet era was written in a literary language, with strict stylistic and spelling norms. However, the scientist Shora Sarybaev noted that there are difficulties with the translation of new foreign words in the media. Difficulties

arose to give the correct translation of the neologisms. Given the proliferation of new use cases in periodicals, the scientist considered it prudent to use alternative names in newspapers and magazines along with the keyword before Termincom approval.

**Keywords:** mass media, language of press, personality of a scientist, literary language, norm

Есенова К. У.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахского национального педагогического университета имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

## ИССЛЕДОВАНИЕ АКАДЕМИКА ШОРА САРЫБАЕВА О ЯЗЫКЕ ПРЕССЫ

### Аннотация

В статье анализируются научные достижения академика Шора Сарыбаева о языке печати. Представлены мнения о нарушениях литературных норм в использовании неправильных переводов, использование множество вариантных слов и нелитературных сленгов в казахской СМИ. Ученый Ш. Сарыбаев анализирует выводы о динамике проникновения новых слов в литературный язык в 1920-30 гг. Обсуждается ряд особенностей языка газет и журналов периода независимости в статье ученого Ш. Сарыбаева «Новые применения языка средств массовой информации», написанной в 1999 году. Язык печати общества, поддерживавшего единственную идеологию советской эпохи, был написан на литературном языке, со строгими стилистическими и орфографическими нормами. Однако ученый Шора Сарыбаев отметил, что есть трудности с переводом новых иностранных слов в СМИ. Возникли трудности дать правильный перевод неологизмам. Учитывая быстрое распространение новых вариантов использования в периодических изданиях, ученый посчитал целесообразным использовать альтернативные названия в газетах и журналах вместе с ключевым словом до одобрения Терминком.

**Ключевые слова:** СМИ, язык печати, личность ученого, литературный язык, норма

**Кіріспе.** Тілдік органы толықтыратын да, тіл тұтынушыларды табыстыратын құралдардың бірі - мерзімді баспасөз. Жаңа атаулардың жаршысы атанған бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі таңда жаңа қолданыстарды да, жаңа терминдерді де лек-легімен қолдану үстінде. Бұны табиғи тілдік құбылыс десек те болады. Себебі, кезінде қазақ тілінің жанашыры, академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаев та баспасөз тілінде жаңа қолданыстардың көбеюі қоғамның дамығанын көрсетеді деп тұжырым жасаған болатын. 1920-30 жылдардағы мерзімді баспасөз тіліндегі жаңа қолданыстарды зерттей келе, академик мынадай қорытынды жасайды: «1920-30 жылдардағы мерзімді баспасөз бен көркем әдебиет тілін қадағалап қарап отырсақ, онда өсу мен дамудың көп үлгілерін ұшыратуға болады. Осы дәуірдегі баспасөзіміз жаңа сөз жасауда, оны нормаға келтіруде, алуан түрлі стильдік әдістерді қолдануда, оларды қалың жұртшылық игілігіне айналдыру бағытында зор еңбек сіңірді» [1, 138 б.].

Белгілі тілтанушы С.Исаев: «**Баспасөз тілі – жазба тіл.** Қай дәуірде болмасын мерзімді баспасөз өзі қызмет ететін халықтың тілін пайдаланып қана қоймайды, оның байып, дамып отыруына әсер-ықпалын тигізіп отырады. Мысалы, бір номерінде жалпыхалықтық тілдің сөз байлығы терең пайдаланыла алмайды. Демек, жалпыхалықтық тілдің баспасөзде қолданылуы кейде бір қарағанда сезіле бермейтін тілдік элементтерді тандап алумен астасып жатады», немесе «Қазақтың мерзімді баспасөз тілі бірден туып, қалыптасып кеткен жоқ. Мерзімді баспасөз тілінің тууы қазақ тілінде газет, журналдардың алғаш дүниеге келе бастауымен тығыз байланысты болса да, одан бұрынғы және сол кездегі жазба тіл, жалпыхалықтық тілдің нормаларынан ауытқып кете қоймайды» - деген болатын [2].

**Әдістемесі.** Расында да, мерзімді баспасөз - қазақ тілінің сөздік қоры мен құрамын байытудың бірден-бір қайнар көзі. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары тек мерзімді басылымдармен ғана шектелмейтіні белгілі. Теледидар, радиодан тыс, әлеуметтік желі, портал, сайт сияқты коммуникациялық ақпарат құралдары бұқаралық жазбаша және ауызша тілдің өзгеруіне елеулі ықпал етуде. Дегенмен, мерзімді басылымдарда әдеби тілдің сақталуы, нормалық жүйенің сақталуы қатаң ескерілуі тиіс. Дегенмен, бұрынғы БАҚ тілімен салыстырғанда қазіргі баспасөз тілінде жай ақпарат беру, хабар жеткізу ғана емес, оқырманды қызықтыру, астарлы тілмен терең ойға жетелеу. Автор өз ойына сендіру үшін тұсталдау, астарлап жеткізу тетіктерін көп пайдаланғандықтан (манипуляциялау әдісі көбейген сайын) бейнелі тіркестер, перифраздар, жаңа (модный) қолданыстар жиі қолданылады.

Мысалы, *портфель ұстағандар* - шенеуніктер. Оны біз секілді қарапайым тұрғындар түсінгенде, мүйізі қарағайдай болып бір-бір қара *портфель ұстағандар* неге түсінбейді екен? («Қазақстан Заман» газеті, 25 мамыр 2016ж). *Мандат иелері* - депутаттар. Елімізді қоғамдық ұйымдар, жергілікті атқару билік өкілдері мен университет профессор-оқытушылар құрамынан сайланған *мандат иелері* қалыптастыратын болады. («Егемен Қазақстан» газеті, 22 маусым 2016ж). *Қайыс креслодағылар* - шенеуніктер. *Қайыс креслодағылар* жүрдім-бардым қарағанмен, қандастардың тыныс-тіршілігін тарихшы-ларымыз түгендеп жүр. («Жас алаш, 22 ақпан 2016ж). Міне осындай бейнелі қолданыстардың тілді көркемдеуден гөрі, ойды манипуляциялау мақсаты айқын екені көрініп тұрады. Себебі қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының бұрынғыға қарағанда мақсаты да мүддесі де өзгерген. Тәуелсіздік алғанға дейін мерзімді баспасөз тілі әдеби сөйлеуге, мәдени болмысты қалыптастыруға, қоғамның идеологиясын дұрыс насихаттауға негізделетін. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында демократиялық қағидаға, яғни еркіндікке кеңінен жол берілді. Қоғамның ойын ашық жеткізу мүддесі бірінші кезекке шықты.

Тіл - адам мен қоғам санасының айнасы болғандықтан, тіл арқылы адамның көңіл күйі (қуанышы мен реніші), мәдениеті, білімі айқын көрінеді. Кеңестік дәуірдегі бір ғана идеологияны қолдайтын қоғамның газет, журналдарының тілі мейлінше әдеби тілде жазылуы, стильдік және орфографиялық қатесіз жазылуы қатаң сақталды. Бірақ ғалым Шора Сарыбаев көрсеткендей баспасөз тілінде орыс тілі арқылы енген жаңа шеттілдік сөздерді аударуда, дұрыс балама табуда қиындықтар туындаған. Мәселен, 1920-30 жылдардағы газет, журналдар тілінде пароходты *өткеме*, паровозды *қара айғыр* деп аудару баламалары кездескен екен. Бірақ мерзімді басылымдарда орыс тіліндегі кірме атаулар өзгеріссіз қолданылу жиілігінің басым болуына байланысты, бұл атаулар (пароход, паровоз) сол қалпында енуі жөн саналған. Дегенмен, орыс тілі арқылы енген сөздерді жаппай қолданудан аулақ болу үшін мамандықты, кәсіпті білдіру үшін -шы, /-ші жұрнағының белсенді қолданылуы 1920-30 жылдардағы баспасөз беттерінен айқын көрініс тапқан екен. Мысалы, колхозник - колхозшы, скрипач - скрипкашы. Осы тұста академик Шора Сарыбаев -шы/-ші жұрнағының белсенді қолданысы, жаңа төл атауларды жасауда да өнімді қызмет еткенін былайша көрсетеді: «1920-30 жылдарда кейбір аффикстердің қолданылу өрісі кеңейіп, бұрын жалғанып айтылмайтын сөздерге қосылып жаңа сөз тудыруға қатысатын болды. Мысалы, тілші - корреспондент, өртші - пожарник, жүкші - грузовик» [1, 139б.]. Сондай-ақ ғалым қазіргі белсенді қолданыстағы сөздердің 1920-30 жылдардағы баспасөз тілінде пайда болғанын атап өтеді. Мысалы, *көшірме* ( *копия*), *басқарма* ( *правление*), *міндеттеме* ( *обязательство* ), *отандық* ( *отечественный* ) сөздері сол кезде әдеби тіл ретінде белсенді қолданысқа ие болған және қазір де қолданыстық жиілігін жойған емес. Ғалым Ш.Сарыбаев 1920-30 жылдардағы жаңа сөздердің әдеби тілге ену, енбеу динамикасын жіті зерттегені мына деректерден байқалады: «Мысалы сол кездегі баспасөз бетінде, терминологиялық сөздіктерде жиі кездесетін *жіберме* ( *посылка* ), *шеште дауыс* ( *режущий голос* ), *үнемші* ( *экономист* ) сияқтылар саяз жыртылған жерге себілген құнарсыз дән секілді өспей қалды. Әдеби тіліміз оларды қабылдаған жоқ.» [1, 140б.].

**Нәтижелер.** Академик Шора Сарыбаев мерзімді басылымдар сөздік қорды байытуда, дұрыс жазу нормаларын жасауда маңыздылығы жоғары екенін атап өткен еді. 1999 жылы жазылған «Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар» атты мақаласында тәуелсіздік кезеңдегі газет, журналдар тіліндегі бірқатар ерекшеліктерді байқаған екен. Мысалы, қысқарған сөздердің көбеюі, шеттілдік сөздердің қазақ тіліне икемделіп жазылуынан туындаған жарыспалы қолданыстарының көбеюі, шеттілдік кірме сөздердің қазақ тіліндегі аударма баламаларының қатар қолданылуы, жаңа сөз жасаудағы сөзжасамдық тәсілдердің көбеюі туралы жіті зерттеу жүргізген.

Расында да, тәуелсіздік алғаннан кейін кірме, шеттілдік сөздерді аудару науқаны басталды. Осы тұста балама атаулар мерзімді басылымдарды жариялана бастады. Осы тұста ғалым Шора Сарыбаев: «Минут (минот), килограмм (кілә) сияқты кірме атауларды жазу ережелерімізге қайт келетін, сөздерді айтылуынша, естілуінше жазу тәжірибесіне көшіп алды», - деп көрсетеді [3, 36б.]. Сондай-ақ *автомат*, *вагон*, *уелесинет*, *уалейбол* сияқты терминдерді қолданудың бейберекетсіздігіне (анархияға) тап болғанын ашық көрсетеді.

**Талқылау.** Шеттілдік сөздерге төл атаудан балама беруде, яғни аударуда мұқият болу керектігін, Шора Сарыбаев былайша түсіндіреді: «Президент, елбасы сөздерінің қатар қолданылып жүргені орынды. Егер елбасы атауын қабылдап, президент сөзінен бас тартсақ, онда жай фирмалардың президенттерін елбасы дей алмаймыз» [3,36б.].

Ғалым мерзімді баспасөз арқылы жаңа қолданыстар тез таралатынын ескере келіп, газет, журналдарда терминком бекітпегенше балама атаулар негізгі сөзбен қатар қолданылғанын дұрыс санайды. Себебі, кейбір аудармалар сәтсіз болуы мүмкін деп есептейді. Сондай-ақ шеттілдік сөзге аударма жасап, төл балама беруде сөз мағынасына жете мән беру қажеттілігін ескертеді: «Композитор дегенді сазгер деп алдық. Ал саз дегеннің мағынасы мелодия емес пе? Демек сазгер деген сөз «мелодист» баламасы емес пе? Біздегі бір кемшілік - шеттен келген бір сөзді аударғанда оның бір мағынасын, бір қолданысын ескереміз де, қалған қолданыс-мағыналарына мән бермейміз. Ал аударма арқылы тапқан сөзіміз барлық қолданыстарға жарай бермейтінін ескермейміз» [3, 386.].

Дәл осы тұжырымды негізге алатын болсақ, қазіргі баспасөз тілінде жаңғыру және модернизация сөздері қатар қолданылып жүр. Мысалы «модернизация» атауы *жаңғыру* сөзімен аударылып берілсе де, саясаткерлердің көбі қазақ тілінде әлі күнге дейін «модернизация» сөзін қолданады. Себебі, *жаңғыру* «возрождение» ұғымына жақын келеді. Осыған байланысты олар «модернизация» түсінігін дәл беруге жеткіліксіз деген көзқараста.

Ал кей жағдайда дәл баламасы бола алатын, яғни барлық мағынасы жағынан тура қызметін атқара алатын аудармаларды белсенді қолдана алмаймыз. Мысалы, интернет сөзіне дөп келетін төл аударма - ғаламтор (ғаламторға кіру, ғаламторды пайдалану, т.б.). Бірақ өкінішке қарай, интернет атауының жиілігі тым жоғары. Демек, дәл келетін төл аудармалардың қолданысын арттыру қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарына тән ерекшелік - сөздің бірнеше баламаларын орнымен сәтті қолдана білуі. Себебі публицистикалық стиль болғандықтан бір сөзді бірнеше рет қайталай беруден гөрі, оның баламалары арқылы сөйлемді оқырманға әсерлі жеткізуді мақсат етеді. Осы тұрғыда бір сөздің бірнеше синонимдері немесе балама жарыспалы қолданыстары іздестіріледі. Журналисттер осындай ізденіс үстінде жаңа атауларды дүниеге алып келеді. Бұл - медиамәтіндегі табиғи тілдік заңдылық. Мәселен, футбол сөзін аяқдоп деп балама қолдану жарасымды, стереотипті түсінікке енген атау. Бірақ футболды аяқдоп деп аударып, футболды әдеби тілден ығыстырып тастауға болмайды. Осы тұрғысында Шора Сарыбаев былайша дәйектеп көрсетеді: «*Футболды аяқдоп* деп аударайық деді. Онда спорттың басқа түрлері атауларын да (*волейбол, баскетбол*) аудару керек болады» [3,37].

Жалпы спортқа қатысты шеттілдік сөздер мерзімді басылымдарда төл балама атаулармен сәтті қолданыс тапқан. Бірақ олардың барлығы аударма ретінде көрініс таба алар ма екен? Мысалы, *Ойыннан тыс қалу* – оффсайд; *шаршы алаң* – ринг, *теңбіл доп* – футбольный мяч, *қарымта шабуыл* – ответная атака, *дүбірлі дода* – турнир, *бас банкер* – главный тренер, *дода* – чемпионат. Сондықтан, мерзімді басылымдар шеттілдік сөздерге түрлі балама ұсынатын ақпараттық құрал болғанымен, балама атаулардың дәл аударма бола алуын зерттеу лингвист-ғалымдардың еншісінде екенін есте естен шығармау керек деп есептеймін. Осы жағдай академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың жоғарыда айтылған тұжырымдарын ескеру қажет және ғалымның мынадай практикалық тәжірибесі ескерілуі тиіс деп ойлаймын: «Баспасөз бетіндегі ондап, жүздеп саналатын жаңа қолданыстарды нормаландырып, ретке келтіру үшін ең алдымен оларды жиып-теріп, көпшіліктің талқылауынан өткізу керек» [3,416.].

**Қорытынды.** Бұқаралық ақпарат құралдары төл тіліміздің қоры кеңейтуде, тіл заңдылықтарындағы ауытқуларды айқындауда, қоғамның коммуникациялық мәдениетін тануда және ретке келтіруде, аялық білімнің кеңеюіне, қазақы тілдік орта әлеуетін күшейтуде елеулі қызмет атқарады. Сондықтан, мерзімді баспасөз тіліне әрдайым академик Ш.Ш.Сарыбаев зерттеген тәжірибе бойынша жіті тілдік зерттеу қажет.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Сарыбаев Ш. 1920-30 жылдардағы әдеби тілдің тарихына қатысты кейбір мәселелер (мерзімді баспасөз материалдары негізінде) // Тіл - ғұмыр. Алматы, 2018ж., -312б.*

2 *Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1996ж.*

3 *Сарыбаев Ш. Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар // Мемлекеттік тіл: терминология, ісқағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Астана, 1999. 34-42бб*

*Reference:*

1 *Sarybaev Ş. 1920-30 jylardagý ädebi tildiñ tarihyna qatysty keibir mäseleler (merzimdi baspasöz materialdary negizinde) // Til - ğümyr. Almaty, 2018j., -312b.*

2 *İsaev S. Qazaq ädebi tiliniñ tarihi. Almaty, 1996j.*

3 *Sarybaev Ş. Būqaralyq aqparat qūraldary tilindegi jaña qoldanystar // Memlekettik til: terminologia, isqağazdary men būqaralyq aqparat qūraldarynyñ tili. Astana, 1999. 34-42bb.*